

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жаңатас көпсалалы колледжі»  
мелекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны бос лауазымға орналасуға  
конкурс туралы хабарландыру**

**Жаңатас қаласы**

«19» тамыз 2024 жыл

Конкурс өтетін мекен-жайы: Пошталық индексі 080700, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңатас қаласы, 5 мөлтек ауданы, 1 үй. Анықтама үшін телефон: 87263462614, 87021157497 электрондық мекен-жай: Kolledzh@mail.ru.

«Жаңатас көпсалалы колледжі» МКҚК – на қажетті мамандар **химия** (жалпы пән оқытушылары)

*«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымынан босату қағиадларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына сәйкес конкурс жүргізіледі».*

**Жалпы білім беретін пәндердің оқытушысының біліктілік талаптары:**

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім тиісті бейіні бойынша білім беру ұйымдарында жұмыс өтілі талап етілмейді.

Және (немесе) біліктілігі жоғары деңгейі болған жағдайда мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог – зерттеуші кемінде 3 жыл, педагог-шебер үшін - 4 жыл.

**Лауазымдық міндеттері:**

- Оқу және тәрбие жұмысын ұйымдастырады және өткізеді.
- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқытылатын пәндерді ескере отырып, оқушыларды тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асырады.
- Білім алушылардың жеке басының жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, жеке қабілеттерінің дамуына жәрдемдеседі және айқындайды.
- Оқытудың анағұрлым тиімді формаларын, әдістерін және құралдарын, жаңа педагогтік құралдарды қолданады.
- Білім алушылардың сапалы білім, білік пен дағды алуларын қамтамасыз етеді.
- Оқу процесінің жоспары мен кестесіне сәйкес оқыту бағдарламаларын әзірлеуге және орындауға қатысады.
- Оқыту процесі кезінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді.
- Жабдықтарды пайдалану кезінде техника қауіпсіздігінің талаптарын орындайды.

Жалпы пән оқытушыларының лауазымдық жалақысы: 120 000 – 180 000 т.т. аралығы  
(еңбек өтіліне орай және оқу жыл басындағы бөлінген сағат сандарына орай)

**Қатысушы педагог білуге міндетті:**

- Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заңдары;

- Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, білім алушылардың білім және тәрбие беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік - құқықтық актілерін;
- Дидактика принциптерін, педагогика және жастық психология негіздерін;
- Басқарудың инновациялық әдістерін;
- Әдістемелік және инновациялық материалдарды жүйелеу принциптерін, баспалармен жұмыстың негіздерін;
- Басқарудың инновациялық әдістерін;
- Әдістемелік және ақпараттық материалдарды жүйелеу принциптерін, баспалармен жұмыстың негіздерін;
- Оқу-бағдарламалық құжаттарды әзірлеу принциптері мен тәртіптерін;
- Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы ережелері мен нормаларын.

**Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде келесі құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде жолдайды:**

- 1) осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, Конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);
- 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);
- 4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);
- 6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).
- 7) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
- 8) наркологиялық ұйымнан анықтама;
- 9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе педагог-модератордан төмен емес қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);
- 10) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында арнайы пәндер бойынша педагогтер және өндірістік оқыту шеберлері лауазымдарына педагогикалық қызметке кіріскен, тиісті мамандық немесе бейін бойынша өндірісте кемінде 2 жыл жұмыс өтілі бар педагогтер сертификаттаудан өтуден босатылады.

11) 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы.

12) тәжірибе жоқ кандидаттың бейнепрезентациясы кемінде 15 минут, ең төменгі ажыратымдылығы – 720 x 480.

*Конкурсқа қатысты көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды кандидатқа қайтару үшін негіз болып табылады.*

Конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау конкурсы өткізу туралы хабарландыру жарияланған соңғы күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

*Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына келісім бойынша басқа білім беру ұйымдарының өкілдерін енгізуге рұқсат етіледі.*

*Кандидаттар конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің нормаларына сәйкес шағым береді.*

*Конкурсқа қатысушылар конкурстық комиссия шешіміне жоғары тұрған органның апелляциялық комиссиясына немесе сот тәртібімен шағымдана алады.*

Кадр бөлімінің меңгерушісі



Г.Айнекова